

КМҚК «№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША»

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

**«БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
«№140 БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»**

№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС МАТЕРИАЛДАРЫ

ХАТТАМА №4

Өткізілетін уақыты: 31 наурыз 2023 жыл

Педагогикалық кеңестің түрі: «Дәстүрлі кеңес»

Тақырыбы: «Балабақшадағы сауықтыру шынықтыру шараларын жүзеге асыруда дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңашыл ойындарды қолдану»

Мақсаты: Балаларға салауатты өмір салтынын шараларын қалыптастыру; денсаулықтың өмірге қажеттігін түсіндіру, баланың физикалық динамикасын жетістігін жетілдіру, күнделікті сауықтыру шараларын қолдану, балалардың денсаулығын нығайту.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар: меңгеруші, әдіскер, психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер.

КҮН ТӘРТІБІ

1. №3 педкеңестің шешімін талдау –меңгеруші:
Мухаметрахимова Ш.А.
2. Балабақшадағы сауықтыру- шынықтыру жұмысының деңгейін жаңа форматтағы ойындар арқылы көтеру. Слайд-презентация
3. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңашыл ойындарды қолдану, іс-тәжірибемен бөлісу. Дене шынықтыру нұсқаушысы: Куанбаева С.Б.
4. Көрме:
5. Тренинг – психолог: Дарибаева Г.Н.
6. Педкеңестің шешімі.

№ 4 педагогикалық кеңесте өтілетін ашық оқу қызметтері

1. Күннің бірінші жартысындағы серуендегі спорттық ойынды қолдану- ортаңғы топ тәрбиешілер: Р.К.Абдилдаева
Бугенбаева Г.Ж.
2. «Балаларға арналған жаңа форматтағы спорттық ойындар » ересек топ тәрбиешілер: Сүлеймен Е.Ш.
Рысбекова Н.Ж.
3. «Ата-аналармен бірге жарыс жаңа форматтағы ойындар» мектепалды топтары
Тәрбиешілер: Масакбаева Б.Р.
Сатпаева Д.Қ.
Камалова Қ.А.

I ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші : Шаттық Абишевна сөз алды:

III-педагогикалық кеңестің шешімдерінің жүзеге асу барысынан мәлімдеме жасады.. Төртінші педагогикалық кеңеске берілген ашық оқу қызметтері, өз деңгейінде өтілді. Сондай-ақ мерекелік ертеңгіліктер , ұйымдастырылған спорттық іс-шаралар өткізілді. Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;- мектепке

дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;- балалардың дене, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде ,мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз ету үнемі жүзеге асырылып отыру қажет,- деп меңгеруші: Шаттық Абишевна сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

№ 3 педагогикалық кеңестің шешімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
Ескертулер түзетіліп, орындалсын.

II ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы: Куанбаева Самал Бейбитовна «Балабақшадағы сауықтыру- шынықтыру жұмысының деңгейін жаңа форматтағы ойындар арқылы көтеру» тақырыбында презентация жасады..

Ойын балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, өзін- өзі билеушілігін дамытады, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді. Дене тәрбиесі құралдарының ішінен би жаттығулары, қозғалмалы (халықтық) ойындар (киви- баскетбол, нетбол және т.б.) театрландырылған сабақтар(қазіргі заманғы сюжеттерге арналған ашық ойындарды қолдана отырып);кешенді сабақтар (спартандық көпсайыс); "тәрбиелік- сауықтыру блоктары" (салауатты өмір салты туралы дәрістерді тыңдауға бағытталған және т. б.); "Фэйр плэй" қағидаттарын сақтау. Фэйр-плей дегеніміз- "fair" - адал, "play"- ойын, яғни „адал ойын” дегенді білдіреді. Ойын барысында бала мақсатқа жету үшін бар зейінін соған аударады. Ол ойын ережелеріне бағына отырып, қимыл– қозғалыс әрекеттерін арттыра түседі. Қимыл – қозғалыс өзіндік спецификасы бар: ол балалардан белгілі бір белгілерге жылдам реакцияларын және ойын барысында өзгеріп отыратын жайттарға тез бейімделуді қажет етеді. Ойын– балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда. Олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтары дамытады. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата - бабаларымыз “тәні саудың– жаны сау”- деп бекер айтпаған. Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Салауатты өмір сүру дегеніміз– тазалық сақтап, дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану. Бала тәрбиесіне қазақ халқы ерте кезден көңіл бөліп, баланың ақыл - ойының, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ерекше көңіл бөліп отырған. Бұған дәлел спорттық ойындары. Жас кезінен бастап балаларға дұрыс тәрбие беріп, дене дайындығын жетілдіре түсіп өскен жастар шымыр да шыныққан, епті де икемді болғанын білеміз. Қазіргі уақытты өткен кезеңмен салыстыра алмайсың. Себебі уақыт өте көптеген өзгерістер өмірге енді. Тіпті бала тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қараймыз Адамның салауатты өмір салты қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысы сөзсіз. Табиғат өскелең ұрпаққа қозғалу қажеттілігін сыйлаған деп айтуға болады

Дене жүктемелерінің адам ағзасына пайдасы мен қаншалықты әсер ететінін осы дене тәрбиесі білімі арқылы көпшілікке жеткізу дене тәрбиесі мен спорт мамандарының міндеті болып табылады. Спорт ойындар түрлерімен айналысу адам ағзасы мен ішкі ағзаларының дамуына, дене күшінің дамуына және денсаулығының мықты болуына әсер етеді, жастардың адамгершілік пен жігерлік және басқа да психологиялық сапаларын қалыптастыруға тәрбиелеуде, дене қабілеттерін (күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік және т.б.) дамытуда тиімді әдіс болып табылады. Сонымен қатар, арнайы қозғалыс дағдыларын: спорт ойындарының барлық әдістерін, арнайы жаттығулар мен спорт акробатикасын, дененің қауқарсыз мүшелерінің жарақатының алдын алу, спорт ойындарының тактикасын, жарақаттан қауіпсіздендіру тәсілдерін және т.б. нәрселерді меңгеру қажет..

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Балабақша әдіскері: Ғалия Бекзуркановна – әр топтағы «Денсаулық» бұрышының жас ерекшелігіне байланысты жабдықталғанын айтты, дегенмен де ертеңгілік жаттығу құралдарын толықтыру керектігін атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Әр топта, балалардың жас ерекшелігіне байланысты, «Денсаулық» білім саласы бұрышы толықтырылсын.

III ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңашыл ойындарды қолдану, іс-тәжірибемен бөлісу. Дене шынықтыру нұсқаушысы: Куанбаева С.Б. Балалардың денсаулығын нығайту үшін балалардың денесін дамыту бойынша қызығушылығын арттыру мақсатында дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте дәстүрден тыс жаңа жабдықтарды қолдану өте пайдалы.

Мен әзірлеген және дербес жасаған дәстүрден тыс жабдыққа оның мынадай түрлері мен нұсқалары жатады.

1. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған:

- «ерекше гантельдер» (сүйектен жасалған)
- «камшылар»
- «асықтар»
- «оқтаулар»
- «орамалдар»

2. Жаңа форматтағы ойындар:

- «жеңіл шариктерді қағаз үстінен түсірмей, кезекпен орналастырып, жинау» – балалардың жылдамдығын, көздеу мөлшерін дамытады, нысанаға дәл тигізуге жаттықтырады.
- «Қапты жіп арқылы жүргізіп, жинау» – ұқыптылыққа, шапшаң қимылдауға дағдыландыру, керексіз заттарды пайдалануға болатынын түсінеді.
- «Түрлі-түсті таспалар» – балаларды «ирелеңдеп» жүру және еңбектеу қимылдарын орындауға қызығушылықтарын арттырады
- «Орамал тартыс» – күштілікке арналған
- «Ұшатын тәрелкелер» – алысқа лақтыруға үйретеді.

Дене шынықтыру оқу қызметінде дәстүрден тыс жабдықтарды пайдаланудың нәтижесі мынадай болды:

1. Балалардың қозғалыс белсенділігі артты
2. Балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығы ұлғайды.

Осылайша, дәстүрден тыс жабдықтарды пайдалану арқылы, қозғалыс белсенділігімен қатар, балаларда ширақтық, зейінділік, ептілік сияқты қасиеттер дамиды, оқу қызметінің сапасы артады, өзіндік іс-әрекеттегі тапқырлық артады, ең бастысы – дене шынықтырумен айналысуға деген қызығушылық пен ынта артады.

ШЕШІМ:

1. Жаңа форматтағы ойындарды дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте, серуенде қолдану жалғасын тапсын.
2. Іс-тәжірибелер таратылсын.

IV. ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық топ тәрбиешілері ат салысты. Менгеруші: Шаттық Абишевна тәрбиешілерге алғыс білдіріп, ерекше, белсенді топтарды марапаттады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Балабақша әдіскері: Кулджина Ғ.Б. II – жарты жылдық міндеттемесі бойынша «Физикалық дамыту дағдылары» бойынша көрме ұйымдастырылды. Барлық топтар ат салысты. Балалардың жас ерекшелігіне сай, эстетикалық жағынан талғамға сай жасалған.- деп әдіскер сөзін аяқтады.

ШЕШІМ:

Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелінсін.

V. ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша балабақша психологы : Г.Н.Дарибаева. сөз алып , педагогикалық кеңеске қатысушы педагогтармен **«Жаңа форматқа сай-мінсіз педагог»** тақырыбында тренинг жүргізді.

Мақсаты: - психоэмоционалды күйін реттеу дағдысын қалыптастыру;

- педагогтардың эмоционалды күйінің алдын алу;
- қарым - қатынастағы біліктілігін арттыру.
- жағымсыз психоэмоционалды күйін реттеу дағдысын қалыптастыру;
- педагогтың тұлғалық және жағдайға сай қобалжуын төмендету;

Педагогтарды жағымсыз психоэмоционалды күйін реттеу тәсілдерімен таныстыру.

Тренинг шарты:

Психолог: Құрметті педагогтар, сіздерді мына әдемі матаның үстіне шығуларыңызды сұраймын. Қарасаңыздар сіздер шыққан мата теріс жайыдып тұр, енді соны осы матаның үстінен шықпай оң жағын жаяу керексіздер. Бұл жерде ұйымшылдық, бір-бірін тыңдау, ептілікті талап етеді.

«Жеңіл матадағы бет орамал» жаттығуы

Қатысушылар дөңгеленіп тұрады және қолдарына бет орамалды ұстайды. Музыка ойнайды. Бет орамалды үрлейді, жоғары лақтырып екі қолмен кезекпен қағып алады, жоғары дақтырып бір-біріне береді.

«Мойын орағыш» жаттығуы

Қатысушыларға мойын орағыш таратылады, дене бітім сымбатты болуға арналған жаттығулар жасайды.

Талдау: Жаттығу қиын болды ма? Қиын болса қай жерінде қиын болды?

Қорытынды:

Тренингке қатысушыларға жіпке байланған маркер, ақ қағаз беріледі. Бір - бірлеріне, балабақшаға ыстық тілектерін және бүгінгі тренинг туралы ойларын, қандай көңіл - күйде болғандарын, тренингтен алған әсерлерін жазады. Барлығы жазып болғасын жазылған тілекті оқиды.

Қатысушылар бір - бірлеріне тілеген тілектері орындалсын деп қошемет көрсетіп (қол соғып) тренингті аяқтайды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші: Қаппар С.С.- бүгінгі тренинг маған ұнады, өте көңілді өтті. Психолог маманына творчестволық табыс тілеймін.

ШЕШІМ:

1. Психологтың педагогтармен жұмысы жалғасын тапсын.
2. Өткізілген тренинг қанағаттанарлық деп есептелсін.

VI. Төртінші педагогикалық кеңестің шешімі

№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ:

1. № 3 педагогикалық кеңестің шешімінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
Ескертулер түзетіліп, орындалсын.

Мерзімі: 31.03.2022 жыл

Жауаптылар: әдіскер, педагогтар.

2. Әр топта, балалардың жас ерекшелігіне байланысты, жаңа форматтағы ойындар ойнатылып, құралдармен толықтырылсын.

Мерзімі: үнемі

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

3. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетте жаңашыл ойындарды қолдану, іс-тәжірибемен бөлісу жалғасын тапсын.

Мерзімі: үнемі

Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер

4. Ұйымдастырылған көрме қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Мерзімі: үнемі

Жауапты: әдіскер

5. Өткізілген тренинг қанағаттанарлық деп есептелсін.

Мерзімі: үнемі

Жауапты: әдіскер, психолог

6. Педагогикалық кеңестің шешімі қабылдансын

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Мухаметрахимова Ш.А.

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Кулджина Ғ.Б.

